

28 қараша 2020 жылы сағат 10.00 да Microsoft Teams қосымшасы арқылы Биология мамандығы төртінші курс бакалаврларының педагогикалық практика бойынша қорытынды конференциясы өткізілді. Қорытынды конференциясына Бг-41,43,42 топ студенттері, практика бойынша жауапты жетекшілер Нурмухамбетова Г. С., Сембаева Ж. П., Нурсафина А. Ж. қатысты.

Конференцияда жалпы Нұр-сұлтан қаласы бойынша №22,87,37,38 мектептерде өткізілген педагогикалық практиканың қорытындысы айтылды. Практика жетекшілері Нурмухамбетова Г. С., Сембаева Ж. П. студенттердің қорытынды есептерін тексеріп, өз бағаларын берді және құжаттарды дұрыс рәсімдеуді түсіндірді. Практика барысында студенттер мектеп бағдарламасын игеріп, педагогикалық біліктілікті арттыру мақсатында сабақтар мен тәрбие сағаттарын жүргізе алды. Конференция барысында әр топ студенттері практика бойынша қорытынды есептерін қорғады. Конференцияда студенттер практика барысында алған әсерлерімен және дағдыларымен бөлісті, сондай-ақ балалармен және мұғалімдермен жасаған жұмыстарымен таныстырды. Осы практика барысында студенттер педагогикалық практика кезінде оқушылармен қарым-қатынас жасауды, оқушылардың ынтымақтастығын ұйымдастыруды, оқушыларды ұжымдық іс-әрекетке ынталандыруды үйренді. Педагогикалық практика қорытындысы бойынша студенттер өзіндік талдау жүргізді. Жетекшілер студенттердің жұмысын талдап, тапсырмаларды орындау сапасын бағалады. Студенттер оқу процесінің мазмұны мен практикадан өту мерзімдеріне, педагогикалық біліктіліктерін арттыра білгендеріне, оқыту тәжірибесіне байланысты өзгерістер туралы тілектерін білдірді.

